

FTAMP 15.31.31

<https://doi.org/10.26577/JPsS20269832>

**С.Т. Бапаева^{1*}, А.Б. Альмуратова¹, Д. Ербосынқызы¹,
Ж.Ж. Бейсенова², Г.Т. Ысқақ¹**

¹Тұран университеті, Алматы, Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИЈАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІСІ МЕН ЫНТАЛАНДЫРЫЛМАҒАН МАЗАСЫЗДЫҚҚА БЕЙІМДІЛІКТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЈАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі білім беру кеңістігінде студенттердің психологиялық жағдайына ықпал ететін факторларды зерттеуге ерекше көңіл бөлінуде. Сол факторлардың бірі – эмоциялық интеллект (ЭИ). Зерттеулер көрсеткендей, ЭИ мазасыздықтың көріністеріне қорғаныс әсерін де, жанама әсерін де тигізуі мүмкін. Зерттеудің мақсаты – университет студенттерінің эмоциялық интеллект ерекшеліктерін және оның ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділікпен өзара байланысын кешенді түрде талдау. Жұмыста эмоциялық интеллектінің эмоциялық хабардарлық, өз эмоцияларын басқару, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия және басқа адамдардың эмоцияларын басқару сынды негізгі компоненттері қарастырылды. Зерттеудің әдістемелік негізі эмоциялық интеллектіні бағалау және ынталандырылмаған мазасыздық деңгейін диагностикалау әдістемелерін, сондай-ақ сипаттамалық статистика, корреляциялық талдау және көптік сызықтық регрессия әдістерін қамтыды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің басым бөлігі эмоциялық интеллектінің орташа деңгейімен және ынталандырылмаған мазасыздықтың орташа көріністерімен сипатталды. Эмоциялық интеллектінің ең айқын компоненттері эмоциялық хабардарлық пен өзіндік мотивация болды, ал эмоцияларды басқару қабілеті төмендеу деңгейде көрінді. Корреляциялық және регрессиялық талдаулар Эмоциялық интеллектінің көрсеткіштері мен мазасыздық деңгейі арасында статистикалық тұрғыдан маңызды байланыстарды анықталмады, нәтижесінде аталған конструктілердің шектеулі болжамдық рөлін көрсетеді. Зерттеудің құндылығы студенттердің психологиялық сипаттамалары құрылымындағы эмоциялық интеллектінің орнын нақтылауда, сондай-ақ мазасыздықты төмендетуге ықпал ететін стресті еңсеру стратегиялары, әлеуметтік қолдау және стресске төзімділік сынды қосымша ресурстарды іздеу қажеттігін айқындауда. Практикалық маңыздылығы алынған деректерді студенттерге психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен байланысты.

Түйін сөздер: эмоциялық интеллект, мазасыздық, ынталандырылмаған мазасыздық, студенттер, өзін-өзі реттеу.

S. Bapayeva^{1*}, A. Almuratova¹, D. Erbossynkyzy¹,
Zh. Beissenova², G. Yskak¹

¹Turan University, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

Psychological characteristics of emotional intelligence and the tendency to unmotivated anxiety in students

In today's educational environment, increasing attention is being paid to studying the factors that influence students' psychological well-being. One such factor is emotional intelligence (EI), which, according to several studies, can have both a protective and indirect effect on anxiety. The aim of this study was to comprehensively analyze the emotional intelligence characteristics of university students and their relationship with their tendency toward unmotivated anxiety. The study examined key components of EI, including emotional awareness, emotional regulation, self-motivation, empathy, and emotional regulation of others. The methodological basis of the study included the use of methods for assessing emotional intelligence and diagnosing the level of unmotivated anxiety, as well as the use of methods of descriptive statistics, correlation analysis and multiple linear regression. The study results showed that most students exhibited average levels of emotional intelligence and moderate levels of unmotivated anxiety. The most prominent components of EI were emotional awareness and self-motivation, while emotion regulation was demonstrated at a lower level. Correlation and regression analyses revealed no statistically significant relationships between EI scores and anxiety levels, indicating the limited predic-

tive power of these constructs. The value of this study lies in its clarification of the role of emotional intelligence in the structure of students' psychological characteristics, as well as in raising the question of the need to seek additional resources – coping strategies, social support, and stress resilience. The practical significance of the study lies in the potential use of the obtained data for the development of psychological support programs for students.

Keywords: emotional intelligence, anxiety, unmotivated anxiety, students, self-regulation.

С.Т. Бапаева¹, А.Б. Альмуратова¹, Д. Ербосынқызы¹,
Ж.Ж. Бейсенова², Г.Т. Ысқақ¹

¹Университет Туран, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

*e-mail: s.bapayeva@turana-edu.kz

Психологические особенности эмоционального интеллекта и склонности к немотивированной тревожности у студентов

В современном образовательном пространстве всё большее внимание уделяется изучению факторов, влияющих на психологическое состояние студентов. Одним из таких факторов рассматривается эмоциональный интеллект (ЭИ), который, согласно ряду исследований, может оказывать как защитное, так и опосредованное воздействие на проявления тревожности. Цель настоящего исследования заключалась в комплексном анализе особенностей эмоционального интеллекта студентов университетов и их взаимосвязи со склонностью к немотивированной тревожности. Были рассмотрены ключевые компоненты ЭИ, включая эмоциональную осведомлённость, управление своими эмоциями, самомотивацию, эмпатию и управление эмоциями других людей. Методологическая база исследования включала использование методик оценки эмоционального интеллекта и диагностики уровня немотивированной тревожности, а также применение методов описательной статистики, корреляционного анализа и множественной линейной регрессии. Результаты исследования показали, что большинство студентов характеризуются средним уровнем развития эмоционального интеллекта и умеренными проявлениями немотивированной тревожности. Наиболее выраженными компонентами ЭИ оказались эмоциональная осведомлённость и самомотивация, в то время как управление эмоциями проявилось на более низком уровне. Корреляционный и регрессионный анализы не выявили статистически значимых взаимосвязей между показателями ЭИ и уровнем тревожности, что свидетельствует об ограниченной предиктивной роли данных конструктов. Ценность проведённого исследования заключается в уточнении роли эмоционального интеллекта в структуре психологических характеристик студентов, а также в постановке вопроса о необходимости поиска дополнительных ресурсов – стратегий совладания, социальной поддержки и стрессоустойчивости. Практическая значимость работы связана с возможностью использования полученных данных для разработки программ психологического сопровождения студентов.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, тревожность, немотивированная тревожность, студенты, саморегуляция.

Кіріспе

Студенттердің эмоциялық әл-ауқаты мәселесі әсіресе ауыр академиялық жүктеме мен әлеуметтік бейімделу контекстінде, бүгінгі білім беру кеңістігінде аса өзекті. Студенттік өмір тұлғалық және кәсіби дамудың қарқынды кезеңі. Студенттік кезең көбінесе стресс пен эмоциялық жүктемеге сезімталдықтың артуымен бірге жүреді. Эмоциялық интеллект яғни адамның өз эмоцияларын тану, түсіну және реттеу, сондай-ақ басқалардың эмоцияларымен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті студенттік ортаға бейімделу мен академиялық табысқа әсер ететін негізгі факторлардың бірі.

Ал ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік объективті стресс факторлары болма-

ған кезде де жоғары мазасыздықпен сипатталатын тұлғалық қасиет. Шамадан тыс мазасыздық когнитивтік өнімділікті төмендетіп, оқу материалын меңгеруге кедергі келтіріп, эмоциялық күйзелістің дамуына ықпал етеді. Ғылыми әдебиетте эмоциялық интеллект психологиялық төзімділіктің маңызды ресурсы ретінде қарастырылғанымен, оның мазасыздықпен байланыс сипаты жөніндегі дәлелдер, әсіресе студенттер арасында, қайшылықты болып отыр. Аталған көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеулер жүргізу қажеттігін көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты – студенттердің эмоциялық интеллект деңгейі мен ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділікті анықтау, сондай-ақ осы көрсеткіштер арасындағы байланысты тал-

дау болды. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: эмоциялық интеллекттің даму деңгейін оның компоненттері бойынша зерттеу; мазасыздыққа бейімділік деңгейлерінің таралуын анықтау; эмоциялық интеллект пен мазасыздық арасындағы байланысты анықтау үшін корреляциялық талдау жүргізу; сондай-ақ эмоциялық интеллекттің жеке компоненттерінің мазасыздық деңгейлерінің өзгерісіне қосқан үлесін бағалау үшін көптік сызықтық регрессиялық талдау.

Зерттеудің болжамы: студенттердің эмоциялық интеллект деңгейі, әсіресе эмоциялық өзін-өзі реттеу және өзін-өзі ынталандыру компоненттері жоғарылаған сайын, олардың негізсіз мазасыздыққа бейімділік деңгейі төмендейді.

Зерттеудің теориялық маңызы университет студенттерінің эмоциялық интеллект пен мазасыздық арасындағы байланысты түсінікті кеңейтуде, нәтижесінде жастардың бейімделуінің психологиялық тетіктерін түсіну үшін маңызды. Зерттеудің тәжірибелік маңызы оның нәтижелерін студенттерге арналған психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуде қолдану мүмкіндігінде жатыр. Арнайы құрастырылған бағдарламалар өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға, стресске төзімділікті арттыруға және білім беру ортасында шамадан тыс мазасыздықтың алдын алуға бағытталуы тиіс деп болжаймыз.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі білім беру кеңістігінде студенттердің академиялық жетістіктеріне ғана емес, олардың психикалық денсаулығына да барған сайын көп көңіл бөлінуде. Студенттер арасындағы бейімсіздіктің ең жиі кездесетін көріністерінің бірі – ынталандырылмаған мазасыздық. Ынталандырылмаған мазасыздық академиялық мотивацияны төмендетеді, табысты әлеуметтік бейімделуге кедергі келтіреді және жалпы әлауқатқа теріс әсер етеді. Студенттер арасындағы ынталандырылмаған мазасыздықтың негізгі себептеріне оқу жүктемесінен туындаған қысым, әлеуметтік факторлар және болашаққа деген белгісіздік жатады (Mudi, 2024). Мазасыздықтың теріс салдарын төмендете алатын факторлардың анықталуы білім беру психологиясындағы зерттеулердің басты бағытына айналуға.

Эмоциялық интеллект (ЭИ) осы контексте ерекше орынға ие. Ол эмоцияларды қабылдау, түсіну, реттеу және қолдануға қатысты қабілеттер жиынтығы ретінде қарастырылады. Алай-

да, қолжетімді дәлелдер эмоциялық интеллект пен мазасыздық арасындағы байланыстың анық еместігін көрсетеді. Бір жағынан, жоғары эмоциялық айқындық пен эмоциялық тепе-теңдікті қалпына келтіру қабілеті қорғаныс факторы ретінде әсер көрсетіп, мазасыздық деңгейін төмендетеді (Butler, 2018). Екінші жағынан, шамадан тыс эмоциялық шоғырлану мен өз тәжірибесіне тым көп мән беру мазасыздық белгілерін күшейтуі мүмкін (Jia, 2024).

Осылайша, теориялық және эмпирикалық дереккөздердің талдауы эмоциялық интеллектіні студенттер арасындағы мазасыздықтың даму контекстінде қорғаныс қызметін атқара алатын әрі тәуекелділікті тудыратын көпөлшемді құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ғылыми әдебиеттерде осы аспектілердің зерттелуі студенттердің психикалық денсаулығындағы эмоциялық интеллекттің рөлін түсінуге және тиімді алдын алу мен түзету бағдарламаларын әзірлеуге бағытталған маңызды қадам бола алады.

Сонымен бірге алынған деректердің қайшылықты сипатын ескере отырып, эмоциялық интеллекттің жекелеген компоненттерін және олардың студенттердің мазасыздықтарының динамикасына нақты үлесін егжей-тегжейлі зерттеу ерекше қызығушылық тудырады. Эмоциялық интеллекттің негізгі сипаттамаларының талдауы дәл осылай оның қай аспектілері негізінен қорғаныс қызметін атқаратынын, ал қайсысы керісінше мазасыздық көріністерін күшейте алатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Эмоциялық интеллект (ЭИ) университет студенттерінің мазасыздық деңгейіне әсер етуде маңызды рөл атқарады. Зерттеулер көрсеткендей, эмоциялық айқындық, эмоциялық хабардарлық және эмоцияларды тиімді пайдалану қабілеті сияқты эмоциялық интеллекттің әртүрлі аспектілері олардың деңгейіне байланысты мазасыздықты азайтуы да, күшейтуі де мүмкін (Kannan және т.б., 2024).

Эмоциялық айқындық, яғни адамның өз эмоциялық күйлерін тани, ажырата және тиісті түрде білдіре білу қабілеті, эмоциялық интеллекттің маңызды құрамдас бөлігі. Эмоциялық айқындықтың жоғары деңгейі ынталандырылмаған мазасыздық жағдайларын азайтуға көмектеседі. Ол эмоциялық реакцияларды тиімдірек бақылауға және басқаруға мүмкіндік береді. Студенттер үшін ол қасиет ерекше маңызды. Ол оқу іс-әрекетіне және адамдар арасындағы қарым-қатынасқа бейімделу үдерісін жеңілдетіп,

тұрақты мазасыздықтың даму қаупін азайтады. Осы орайда эмоциялық интеллект студенттердің әлеуметтік мазасыздық деңгейінің маңызды болжаушысы бола алады деуге негіз бар деп ойлаймыз. Эмоциялық интеллекттің жоғары деңгейі әлеуметтік мазасыздықтың ауырлығын азайтуға көмектеседі. Ол студенттерге әлеуметтік жағдайларды дұрыс қабылдауға және түсіндіруге, сондай-ақ адамдар арасындағы өзара әрекеттесу кезінде өздерінің эмоциялық реакцияларын реттеуге мүмкіндік береді (Kannan және т.б., 2024).

Осылайша, эмоциялық интеллект студенттердің университет ортасына бейімделуін жеңілдетіп қана қоймай, әлеуметтік жағдайларда тұрақты мазасыздықтың дамуына жол бермейтін қорғаныс қызметін атқаратын фактор ретінде де әрекет етеді. Ал эмоциялық реттеу эмоциялық күйлердің қарқындылығын, бағытын және көрінісін басқару қабілеті. Өз эмоцияларын реттеу дағдылары жақсы дамыған студенттер ынталандырылмаған мазасыздыққа ұшырауға бейімділігі төмен болады. Аталмыш сапа стрестік немесе көңілсіз жағдайлардан кейін оң эмоциялық күйді қалпына келтіру және ішкі эмоциялық тепе-теңдікті сақтау қабілетін қамтиды. Тиімді эмоциялық реттелу мазасыздық деңгейін төмендетуге көмектесіп, білім беру үдерісіне психологиялық бейімделудің маңызды факторы болады (Guil және т.б., 2019).

Эмоциялық интеллектіні мазасыздыққа бейімділікпен байланыстыратын негізгі факторлардың бірі – стрестік жағдайларда қолданылатын күресу стратегиялары. Эмоциялық интеллекттің жоғары деңгейі қиындықтарды конструктивті түрде шешуге және психологиялық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған бейімделгіш күресу мінез-құлық формаларын қабылдауды жеңілдетеді. Эмоциялық интеллектісі жоғары студенттер тиімді қарсыласу тетіктерін жиі қолданады. Ол өз кезегінде стресс деңгейі мен ынталандырылмаған мазасыздықты төмендетеді. Зерттеу деректеріне сәйкес (Augusto-Landa және т.б., 2022), дәл осы бейімделгіш копинг стратегиялары эмоциялық интеллект пен тұлғаның психологиялық әл-ауқаты және эмоциялық тұрақтылығы арасындағы байланыста медиаторлық (жанама) рөл атқарады.

Эмоциялық интеллект университет студенттерінің мазасыздық, депрессия және стресс деңгейлерінің ауырлығымен тікелей байланысты. Эмоциялық хабардарлық, реттеу және эмпатияны дамыту жағымсыз эмоциялық күйлерді азай-

тып, стресске төзімділікті арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеулер көрсеткендей, эмоциялық интеллект бейімделгіш күресу стратегияларын қолдану арқылы мазасыздық, депрессия және стресс деңгейіне жанама әсер етеді. Осылайша, эмоциялық интеллект академиялық және әлеуметтік қысым жағдайында студенттердің психологиялық әл-ауқатын анықтайтын тікелей де, жанама да фактор ретінде әрекет етеді.

Осы орайда студенттер үшін әлеуметтік қолдау маңызды болады деп ойлаймыз. Әлеуметтік қолдау студенттерге мазасыздықпен күресуге көмектесетін негізгі ресурстардың бірі. Эмоциялық интеллектісі жоғары адамдар оңтайлы қарым-қатынасты түзуге икемді келеді. Ал студенттерге айналасындағылардан қолдау іздеуге және қабылдауға тиімдірек мүмкіндік береді. Әлеуметтік қолдау мазасыздық деңгейін төмендетіп, тұрақты күресу стратегияларын дамытуға ықпал етеді (Kahraman, 2022). Эмпирикалық деректер эмоциялық интеллекттің әлеуметтік бейімделу деңгейімен оң корреляцияда екенін және студенттер арасындағы әлеуметтік мазасыздықты болжаушы ретінде қызмет ететінін растайды. Демек, эмоциялық интеллект көрсеткіштері жоғары болған сайын академиялық және тұлғааралық ортада әлеуметтік мазасыздық көрсету бетбұрысы төмендейді.

Зерттеулер (Thomas және т.б., 2023) эмоциялық интеллекттің мазасыздық деңгейіне әсері сызықты емес екенін көрсетеді. Эмоциялық интеллектінің төмен де, тым жоғары деңгейлері де мазасыздықтың артуымен бірге жүруі мүмкін, ал орташа деңгейі мазасыздықтың ең төмен көрсеткіштерімен сәйкес келеді. Мұндай нәтижелер эмоциялық интеллекттің оңтайлы деңгейлері студенттердің эмоциялық әл-ауқатын сақтауда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді (Thomas және т.б., 2023).

Эмоциялық интеллект әдетте мазасыздық деңгейін төмендетуге көмектессе де, шамадан тыс эмоциялық хабардарлық немесе реттеу кейде, өз эмоциялық күйін артық талдайтын студенттер арасында, мазасыздықты арттыруы мүмкін екенін түсіну маңызды. Ол өз кезегінде білім беру мекемелерінде теңгерімді эмоциялық даму қажеттігін көрсетеді.

Эмоциялық интеллект университет студенттерінің мазасыздық деңгейіне тікелей әсер етіп, олардың өз эмоцияларын басқару және стрестік жағдайларға төтеп беру қабілетін арттырады. Эмоциялық интеллекттің жоғары деңгейі маза-

сыздық, депрессия және стресс ауырлығын азайтуға көмектеседі. Ол тиімді әрі бейімделгіш күресу стратегияларын қолданумен байланысты. Сонымен бірге эмоциялық интеллект бейімделгіш күресу стратегияларын таңдау арқылы психикалық денсаулыққа тікелей де, жанама түрде де әсер етеді (Augusto-Landa және т.б., 2022).

Эмоциялық интеллекттің жекелеген компоненттері студенттердің мазасыздық деңгейі мен психикалық әл-ауқатымен әртүрлі жолдармен байланысты. Мысалы, жоғары эмоциялық хабардарлық көбінесе мазасыздықтың, депрессияның артуымен және жалпы психикалық денсаулықтың нашарлауымен сәйкес келеді. Керісінше, эмоциялық айқындықтың жоғары деңгейі мен жағымды көңіл-күйді қалпына келтіру қабілеті мазасыздық пен депрессияның төмен деңгейімен, сондай-ақ психологиялық, әлеуметтік және физикалық денсаулықтың жоғары деңгейімен байланысты. Ғалымдардың қол жеткізген осындай нәтижелері эмоциялық интеллекттің нақты компоненттерін басқару мазасыздықты азайтуда және студенттердің психикалық денсаулығын жақсартуда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді (Extremera & Fernández-Berrocal, 2006).

Кейбір зерттеулер студенттердің когнитивтік бұрмаланулар мен мазасыздық арасындағы байланыста эмоциялық интеллект делдалдық рөл атқаратынын ерекше атап көрсетеді. Алайда, мазасыздық деңгейіне әсер ететін эмоциялық интеллекттің негізгі сипаттамалары әрдайым толық зерттеле қоймайды. Дегенмен, эмоциялық интеллект жеке адамның психоэмоциялық күйіне когнитивтік бұрмаланулардың теріс әсерін ішінара бәсеңдете алатыны және осы үрдісте маңызды делдал ретінде қызмет ететіні анықталды. Сондықтан, ол тұлғааралық және когнитивтік бұрмаланулардан туындайтын мазасыздық көріністерін жеңілдетуде маңызды фактор (Yazıcı Çelebi & Kaya, 2022).

Эмоциялық интеллект студенттердің психикалық әл-ауқатына, соның ішінде мазасыздық, депрессия, академиялық стресс және эмоциялық күйзеліс деңгейлеріне елеулі әсер етеді. Эмоциялық интеллекттің қорғаныс ролін түсіну студенттердің стресспен күресу тетіктерінің тиімділігін арттыруға және олардың психологиялық әл-ауқатын нығайтуға бағытталған стратегияларды әзірлеу үшін өте маңызды. Эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері эмоциялық интеллекттің студенттерді мазасыздық пен депрессияның теріс әсерінен қорғайтын психологиялық ресурс ретінде қызмет ететінін растайды. Сонымен қа-

тар академиялық стресс пен күйзеліске ұшырауға деген олардың осалдығын төмендетеді. Осылайша, эмоциялық интеллекттің жоғары деңгейі стресті басқару және қиындықтарды тиімді еңсеру қабілетімен оң байланыста болатыны анықталады. Ол өз кезегінде тұлғаның төзімділігін арттыруға ықпал етеді. Эмпирикалық дәлелдер эмоциялық интеллекттің маңызды қорғаныс ролін атқарып, депрессия деңгейін төмендетуге және академиялық күйзелістің алдын алуға көмектесетінін көрсетеді (Montenegro Ordoñez, 2020).

Эмоциялық интеллект академиялық іс-әрекетте туындайтын «кітапхана үрейі» деп аталатын белгілі бір мазасыздықты еңсеруде маңызды рөл атқарады. Зерттеулер көрсеткендей, эмоциялық интеллекттің жоғары деңгейі кітапхана қорына қол жеткізу барысында мазасыздықты төмендетіп, студенттердің академиялық табысына тікелей әсер етеді. Аталмыш әсердің негізін өзіндік сана сезім, эмоцияларды реттеу және эмпатия сияқты негізгі сапалар құрап, стрестік жағдайларға төзімділікті дамытуға ықпал етеді. Осылайша, эмоциялық интеллект студенттердің академиялық қиындықтарды еңсеру қабілетін арттыратын және оқу мотивациясын күшейтетін фактор ретінде қарастырылады (Jan және т.б., 2017).

Зерттеулер (Guil және т.б., 2021) эмоциялық интеллекттің нақты компоненттерінің студенттердің мазасыздық көріністерімен әртүрлі жолдармен байланысатынын көрсетті. Осы ретте оның эмоциялық хабардарлық, эмоциялық айқындық және көңіл-күйді қалпына келтіру қабілеті маңызды екенін зерттеушілер байқайды. Эмоциялық хабардарлықтың жоғарылауы мазасыздыққа бейімділікті арттыруы мүмкін, ал эмоциялық тепе-теңдікті тиімді қалпына келтіру мен өз сезімдерін анық түсіну мазасыздық белгілерін жеңілдетіп, академиялық және әлеуметтік ортада оң қарым-қатынасты нығайтады.

Эмпирикалық деректер көрсеткендей, теріс эмоция мен адамның жас шамасы мазасыздық деңгейіндегі ауытқудың 15,1%-ын түсіндіреді, ал эмоциялық интеллекттің үш аспектісі мазасыздықтағы ауытқудың 15,7%-ын құрайды. Ол өз кезегінде эмоциялық интеллекттің студенттердің психоэмоциялық күйіне елеулі ықпал ететін фактор ретіндегі маңыздылығын көрсетеді (Guil және т.б., 2021).

Университет студенттерінің эмоциялық интеллектілерінің жоғары деңгейі олардың бейімделгіш, мәселені шешуге бағытталған қар-

сы әрекет стратегияларын қолдануға ыңғайлап, емтихан алдындағы мазасыздық деңгейін айтарлықтай төмендетуге көмектеседі. Осы тұрғыда эмоциялық интеллект реттеуші рөл атқарады деуге олық негіз бар. Ол эмоциялық күйлерді басқару қабілетін жақсартып, студенттерге академиялық стресс салдарынан туындайтын қиындықтармен күресудің конструктивті тәсілдерін таңдауға көмектеседі. Эмпирикалық деректер эмоциялық интеллектінің мәселеге бағытталған күресу стратегиялары мен емтихан алдындағы мазасыздық деңгейлері арасындағы жанама рөл атқарады. Осылайша, эмоциялық интеллектіні дамыту емтихан жағдайларында студенттердің мазасыздығын болдырмау және төмендету үшін маңызды фактор (Farnia және т.б., 2017).

Эмоциялық интеллектінің компоненттері университет студенттердің мазасыздық көріністерімен әртүрлі жолдармен байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, эмоциялық қабылдау ситуативті де, тұлғалық мазасыздық деңгейлерімен тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, эмоциялық белгілерге деген жоғары сезімталдық мазасыздыққа бейімділікті арттыруы мүмкін. Сонымен бірге эмоциялық түсіну мен реттеу кері байланысты көрсетеді. Өз эмоцияларын түсіну және басқару қабілеті жақсы дамыған студенттерде ситуативті және тұрақты мазасыздық деңгейі төмен болады (Rodríguez de Ávila және т.б., 2011).

Осылайша, эмоциялық интеллектінің әртүрлі компоненттерінің дифференциалды әсері туралы айтуға болады. Кейбір жағдайларда эмоциялық қабылдау мазасыздықты арттырса, түсіну мен реттеу керісінше оны азайтып, стрестік жағдайларға төзімділікті арттыруға көмектеседі (Rodríguez de Ávila және т.б., 2011).

Қазіргі заманғы зерттеулер эмоциялық интеллектінің негізгі тұлғалық қасиеттермен қатар университет студенттерінің академиялық стресс деңгейін болжауда маңызды рөл атқаратынын ерекше көрсетеді. Мазасыздық пен стресске төзімділік деңгейіне әсер ететін эмоциялық интеллектінің негізгі құрамдас бөліктері – әл-ауқат, өзін-өзі бақылау, эмоциялық және әлеуметтік қарым-қатынас біріге отырып, академиялық стресс көріністерін төмендетуге және студенттердің психикалық денсаулығын қолдауға көмектесетін психологиялық ресурстарды дамытуға ықпал етеді (Mijatović & Strizak, 2023).

Зерттеу нәтижелері (Wang, 2002) студенттердің эмоциялық интеллект деңгейінің жоғары болуы мазасыздық пен депрессия деңгейінің төмен

болуымен теріс корреляцияда екенін көрсетеді. Ол өз кезегінде эмоциялық хабардарлық мен реттеудің теріс эмоциялық күйлерді төмендетуде және жалпы әл-ауқатты жақсартуда маңызды рөл атқаратынын білдіреді. Студенттердің эмоциялық интеллект шкаласы бойынша орташа ұпайы тиісті қабілеттердің орташа жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Эмоциялық интеллектісі жоғары адамның тұрақты оң эмоциялық күйлерді сезінуіне және теріс эмоциялық көріністердің төмендеуіне ықпал етеді. Ол өз кезегінде студенттердің оқу ортасындағы психологиялық бейімделуін күшейтеді (Wang, 2002).

Демек, аталған компоненттер эмоциялық реакцияларды тиімді басқаруға мүмкіндік береді, нәтижесінде адамның жалпы психологиялық әл-ауқатын жақсартады және ақырында мазасыздық деңгейін төмендетеді. Эмоциялық интеллекттің жоғары деңгейі қорғаныс факторы ретінде әрекет етіп, тұлғалық қарым-қатынаста қабылданбаудың теріс салдарын төмендетуге және студенттердің психологиялық төзімділігін сақтауға көмектеседі (Moeller және т.б., 2020).

Liu және Ren (2018) жүргізген зерттеу эмоциялық интеллектінің мазасыздық пен ойға бату бейімділігі арасындағы байланысты бәсеңдететін буфер рөлін атқаратынын көрсетеді. Эмоциялық интеллекттің жоғары деңгейі шамадан тыс ойға батудан туындайтын мазасыздықтың ауырлығын төмендететіні анықталды. Осылайша, ол студенттер үшін қорғаныс факторы ретінде әрекет етеді. Авторлар эмоциялық интеллектінің мазасыздық деңгейіне әсер ететін нақты сипаттамаларын анықтамаса да, ол ойға бату үрдістерінің студенттердің психикалық әл-ауқатына тигізетін теріс әсерін бәсеңдетудегі оның маңызды рөлін ерекше атап көрсетеді. Осылайша, эмоциялық интеллект студенттерге эмоциялық тепе-теңдікті сақтауға және мазасыздық бұзылыстарының даму қаупін азайтуға мүмкіндік беретін маңызды ресурс ретінде қарастырылады.

Орталық Азия аймағындағы қазіргі заманғы психологиялық зерттеулер контекстінде студенттердің эмоциялық сферасының психофизиологиялық және жеке-типологиялық детерминанттарына ерекше назар аударылуда. Атап айтқанда, К. Кадыров пен К. Каланходжаева (2025) өз еңбектерінде университет студенттерінің эмоциялық интеллект пен бірінші және екінші сигнал жүйелерінің тепе-теңдігі арасындағы байланыстың ерекше сипатын анықтады. Авторлар эмоциялық интеллекттің көріністері жоғары жүйке қызметінің негізгі типологиялық сипат-

тамаларымен және ақпаратты өңдеудің жеке тетіктерімен тығыз байланысты екенін ерекше атап көрсетеді. Бұндай нәтижелер эмоциялық интеллектінің теріс эмоциялық күйлерге қарсы оқшауланған қорғаныс механизмі ретінде емес, тұтас тұлға құрылымында, оның реттеуші әлеуеті тұлғаның психофизиологиялық негізімен тығыз байланыста қызмет ететінін растайды.

Қазіргі халықаралық және отандық әдебиеттің талдауы эмоциялық интеллект пен мазасыздық күйлері арасындағы байланыстың сипатын бағалауда айтарлықтай ғылыми қайшылық бар екенін көрсетеді. Бір жағынан, бірқатар зерттеушілердің (Augusto-Landa және т.б., 2022) еңбектерінде эмоциялық интеллект психо-эмоциялық күйзеліс деңгейін төмендететін тікелей қорғаныс кедергісі ретінде қарастырылады. Екінші жағынан, K.V. Petrides-тің іргелі еңбектерінде, сондай-ақ J. A. Smith және т.б. жүргізген эмпи-

рикалық зерттеулерде ұсынылған эмоциялық интеллектінің тұлғалық қасиет ретіндегі тұжырымдамасына жасалған сыни талдау өзіндік есеп беруге негізделген сауалнамалардың мазасыздықты әрдайым тікелей болжай алмайтынын көрсетеді.

Сонымен қатар, қазақстандық және өңірлік авторлардың еңбектерінде (Тажибаев және т.б., 2023; Kadyrov, Kalanhodzhaeva, 2025), басымдық эмоциялық аумақтың күрделі табиғатына ауысады, ол нейродинамикалық қасиеттермен және әлеуметтік өзін-өзі анықтаумен тығыз байланысты болғандықтан шетелдік модельдерді тікелей қолдану орынсыз деуге негіз бар.

Әдеби шолудың нәтижесінде қол жеткізген деректерді жүйелеу үшін эмоциялық интеллектінің мазасыздыққа әсер ету механизмі, яғни оның медиаторлық әсерін модель түрінде ұсынуды жөн көрдік (1-сурет).

1-сурет

Эмоциялық интеллектінің мазасыздыққа әсер ету механизмі (медиаторлық модель)



Ескертпе: Бейімделгіш стратегиялар мен әлеуметтік қолдау эмоциялық интеллект пен мазасыздық арасындағы байланыстың медиаторлары ретінде әрекет етеді.

Әдеби деректердің талдауы эмоциялық интеллекттің жекелеген компоненттерінің студенттердегі мазасыздық деңгейіне әсері біркелкі еместігін көрсетеді. Эмоциялық айқындық пен эмоциялық реттеу, әдетте, мазасыздықты төмендететін қорғаныс факторлары ретінде қарас-

тырылса, эмоциялық хабардарлықтың шамадан тыс жоғары деңгейі, керісінше, мазасыздықтың күшеюімен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар эмпатия мен әлеуметтік дағдылар студенттердің әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, әлеуметтік мазасыздықты төмендетуге ық-

пал етеді. Осыған байланысты эмоциялық интеллектті біртұтас құрылым ретінде ғана емес, оның жекелеген компоненттерінің мазасыздық-

қа ықпал ету ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру маңызды. Негізгі нәтижелер 1-кестеде жүйеленді.

1-кесте

Эмоциялық интеллект компоненттерінің мазасыздыққа ықпалы

Эмоциялық интеллект компоненттері	Мазасыздыққа ықпалы	Зерттеу нәтижелері мен дәлелдер	Авторлар
Эмоциялық айқындық (өз эмоцияларын тану және түсіну)	Мазасыздықты төмендетеді	Эмоциялық айқындықтың жоғары деңгейі тұрақты мазасыздықты азайтып, эмоциялық реакцияларды тиімді бақылауға мүмкіндік береді.	Butler, 2018; Extremera & Fernández-Berrocal, 2006
Эмоциялық реттеу (эмоцияларды басқару және қалпына келтіру)	Мазасыздықты төмендетеді	Эмоцияларды тиімді реттеу стрестен кейін оң эмоциялық күйді қалпына келтіруге және ішкі эмоциялық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.	Guil және т.б., 2019; Guil және т.б., 2021
Эмоциялық хабардарлық (өз эмоцияларын сезіну және бақылау)	Мазасыздықты арттыруы мүмкін	Эмоциялық хабардарлықтың шамадан тыс жоғары болуы адамның өз сезімдеріне артық көңіл бөлуіне әкеліп, мазасыздыққа бейімділікті күшейтуі мүмкін.	Jia, 2024; Guil және т.б., 2021
Эмпатия және әлеуметтік дағдылар	Мазасыздықты төмендетеді	Эмпатия мен әлеуметтік дағдылар әлеуметтік бейімделуге, тиімді қарым-қатынас орнатуға және әлеуметтік мазасыздықты төмендетуге ықпал етеді.	Kannan және т.б., 2024; Kahraman, 2022

Ескертпе: кесте ғылыми әдебиеттерде ұсынылған зерттеу нәтижелерін теориялық талдау және жүйелеу негізінде авторлармен құрастырылды.

1-кестеде келтірілген деректер эмоциялық интеллект компоненттерінің мазасыздыққа ықпалының дифференциалды сипатын көрсетеді. Атап айтқанда, эмоциялық айқындық пен эмоциялық реттеу мазасыздықты төмендететін негізгі қорғаныс ресурстары ретінде көрінсе, эмоциялық хабардарлықтың жоғары деңгейі әрдайым оң нәтиже бере бермейді. Демек, эмоциялық интеллект пен мазасыздық арасындағы байланыстың сызықтық сипатта болмауы мүмкін екендігін көрсетеді. Яғни, студенттердің мазасыздығын сипаттауда эмоциялық интеллекттің жалпы деңгейімен қатар оның құрылымдық компоненттерін және олардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін ескеру қажет.

Осылайша, қазіргі заманғы психологияда әдіснамалық алшақтық байқалады. Эмоциялық интеллекттің тікелей тежегіш рөліне қатысты дәстүрлі көзқарастардың үстемдігі осы құрылымның делдалдық және контекстік сипатына нұсқайтын дәлелдермен қайшы келеді. Бұндай қайшылық студенттер таңдау тобында эмоциялық интеллект пен ынталандырылмаған мазасыздық арасындағы өзара әрекеттестіктің сызықтық моделін сыни тұрғыдан қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу көлденең қима корреляциялық-регрессиялық дизайн бойынша жүргізілді.

Зерттеудің мақсаты – студенттердің эмоциялық интеллект деңгейі мен ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділікті анықтау, сондай-ақ осы көрсеткіштер арасындағы байланысты талдау болды.

Зерттеу болжамы. Эмоциялық интеллектің кейбір компоненттері (эмоциялық өзін-өзі реттеу және өзін-өзі мотивациялау) ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік деңгейімен теріс корреляцияда болады деп болжанды, осылайша қорғаныстық қызмет атқарады, ал эмоциялық интеллект компоненттері мазасыздықпен оң корреляцияда болуы мүмкін.

Зерттеу іріктелмесі. Іріктеме қолайлы таңдау тобы әдісімен жинақталды. Зерттеуге университеттің күндізгі бөлімнің 81 студенттері қатысты. Қатысушылардың орташа жасы 17,75 жыл ($SD = 0,18$) құрады. Демек, таңдау тобы кеш жасөспірімдік пен ерте жас ересектік жас аралығына сәйкес келеді. Жауап берушілердің ең төменгі жасы – 17, ең жоғарғысы – 27 жас болды. Аталмыш дерек таңдау тобындағы жас айырма-

шылығының репрезентативті екенін көрсетеді және оны университеттің төменгі курстарының студенттерінің өкілі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Деректер 2024 жылғы 10 қазан мен 15 желтоқсан аралығында Google Forms арқылы онлайн-сауалнама жүргізу арқылы жинақталды. Қатысу толықтай анонимді және ерікті болды, ал деректер тек жалпылама түрде өңделді.

Зерттеудің таңдау тобына енгізу критерийлері: жоғары білім беру мекемесінде күндізгі бөлімде оқитын, ақпараттық келісімнің расталуы және онлайн сауалнамаға ерікті түрде қатысып барлық бөлімдерін толық аяқтау. Зерттеуге қатысудан шығару критерийлері ретінде: сыналусы жауаптарының толық болмауы, мақсатты жас аралығына сай келмеу (27 жастан асқан қатысушылар) және өте қысқа аяқтау уақыты (3 минуттан аз). Ол өз кезегінде ресми немесе кездейсоқ («жылдамдату») жауаптардың анықтауға мүмкіндік берді.

Алғашқы кезеңде диагностикалық әдістер таңдалып, іріктелді, қатысушыларға нұсқаулықтар әзірленді және психологиялық зерттеулерді реттейтін әдеп қағидаларына сәйкес ақпараттық келісім рәсімі ұйымдастырылды. Эмпирикалық деректер Google Forms платформасы арқылы онлайн режимде жинақталды. Студенттерден эмоциялық интеллект деңгейі мен ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділікті бағалауға арналған стандартталған психометриялық тесттерді толтыру сұралды. Аталмыш формат барлық қатысушылар үшін қатысудың жеңілдігін, құпиялылығын және стандартталған жағдайларды қамтамасыз етті. Бұл кезеңде алынған эмпирикалық деректер IBM SPSS Statistics бағдарламалық пакетіне енгізіліп, ұйымдастырылып, дұрыстығы тексерілді. Жауаптардың толықтығы мен дұрыстығы расталып, енгізуде жәберілуі ықтимал техникалық қателер мен ауытқулар жойылды. Сипаттамалық статистика – орташа мәндер, медианалар, модалар және стандартты ауытқулар – есептеліп, зерттелетін көрсеткіштердің жалпы сипаттамасы айқындалып, деректер кейінгі аналитикалық кезеңге дайындалды. Эмоциялық интеллект компоненттері мен мазасыздық деңгейі арасындағы байланысты анықтау үшін Пирсон корреляциялық талдауы қолданылды. Сонымен қатар, тәуелді айнымалының өзгерісіне жеке болжамды айнымалылардың үлесін анықтау үшін көп айнымалылы сызықты т талдауы жүргізілді.

Алынған статистикалық деректер негізінде теориялық талдау жүргізіліп, қорытындыланып,

әрі қарай зерттеудің перспективалары талқыланды, сондай-ақ студенттерге психологиялық қолдау көрсетудің тәжірибелік аспектілерінде нәтижелерді қолданудың ықтимал бағыттары қарастырылды.

Эмоциялық интеллектіні бағалау үшін Н.Холлдың әдістемесі қолданылды, ол бес шкаладан тұрады: эмоциялық хабардарлық, өз эмоцияларын реттеу, өзіндік мотивация, эмпатия және өзгелердің эмоцияларын басқару. Ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік В.В.Бойконың экспресс диагностикалық тесті арқылы бағаланды.

Деректердің статистикалық талдауы сипаттамалық статистиканы, айнымалылар арасындағы байланысты зерттеу үшін Пирсон корреляциялық талдауды және эмоциялық интеллекттің әрбір компонентінің мазасыздықтың өзгеруіне қосқан үлесін анықтау үшін көптік сызықтық регрессиялық талдауды қамтыды. Есеп IBM SPSS Statistics бағдарламасы (орыс тіліндегі нұсқасы) арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Қазақстандық ЖОО студенттерінің мысалында, эмоциялық интеллектінің ынталандырылмаған мазасыздықты тежейтін қасиетін эмпирикалық тұрғыдан жан-жақты тексеруінде. Тек тікелей корреляцияны ғана қарастыратын бұрынғы еңбектермен салыстырғанда, біздің зерттеуде аталған қос ұғымның өзара әрекеттесу моделі студенттердің оқу ортасына бейімделу кезеңінде қалай көрініс табатыны тұңғыш рет зерттелді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу студенттердің эмоциялық интеллект компоненттерінің даму деңгейін анықтау, ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік көріністерін талдау және аталған көрсеткіштердің арасындағы өзара байланыстың сипатын айқындау мақсатында жүргізілді. Зерттеуге бакалавриаттың түрлі курстарында білім алатын, 17-27 жас аралығындағы 81 студент қатысты. Қатысу ерікті және анонимді түрде жүзеге асырылды. Бұндай қадам зерттеудің шынайы әрі репрезентативті мәліметтерін алуға мүмкіндік берді.

Эмоциялық интеллектіні айқындау үшін бес шкаланы (Өзге адамдардың эмоциясын басқару, Эмпатия, Өзіндік мотивация, Өз эмоцияларын басқару, Эмоциялық хабардарлық) қамтитын Н. Холлдың әдістемесі қолданылды. Ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік деңгейі В.В. Бойконың экспресс-айқындау әдістемесі-

нің көмегімен бағаланды. Сауалнама стандартталған жағдайларда жүргізіліп, қатысушылар сұрақтар мен тұжырымдардан құралған бланкілерді жеке дара толтырды.

Зерттеу барысында зерделенетін көрсеткіштердің әрқайсысы үшін сипаттамалық статистика есептеліп, эмоциялық интеллект пен мазасыздық деңгейлерінің үлестіріміне талдау жасалды, сондай-ақ айнымалылар арасындағы өзара байланыстарды анықтау мақсатында корреляциялық талдау жүргізілді. Қосымша, эмоциялық интеллект компоненттерінің мазасыздыққа бейімділік деңгейінің вариациясына қосатын үлесін анықтауға бағытталған көптік сызықтық регрессиялық талдау жүргізілді. Мұндай кешенді тәсіл зерттеліп отырған сипаттамалардың құрылымын сипаттап қана қоймай, олардың бір-біріне тигізетін ықтимал әсерін бағалауға да мүмкіндік берді.


Зерттеу нәтижелерін көрнекілендіру мақсатында студенттердің эмоциялық интеллект деңгейлерінің Н. Холл әдістемесінің бес негізгі компоненті (эмоциялық хабардарлық, өз эмоция-

ларын басқару, өзіндік мотивация, эмпатия және өзге адамдардың эмоцияларын басқару) бойынша үлестірілуіне салыстырмалы талдау жүргізілді. Алынған мәліметтер әрбір компоненттің даму деңгейі жоғары, орташа және төмен болған студенттердің үлесін анықтауға мүмкіндік берді.

2-суретте көрсетілгендей, студенттер өз эмоцияларын басқаруда қиындық кешіреді. Таңдау тобының жартысынан астамы аталған көрсеткіштің төмен даму деңгейін көрсетті, ал жоғары деңгей респонденттердің тек 9,88%-ында ғана тіркелді. Эмпатия, өзіндік мотивация және өзге адамдардың эмоцияларын басқару көрсеткіштері неғұрлым теңгерімді үлестірімге ие болды. Дегенмен, аталған компоненттердің де даму деңгейі төмен студенттердің үлесі айтарлықтай жоғары екені байқалады. Эмоциялық хабардарлық көрсеткіші тұтастай алғанда қалыпты дамыған. Студенттердің жартысына жуығы орташа деңгейді танытты. Демек, студенттер өз эмоцияларын танудың базалық дағдыларының бар екенін айғақтайды, бірақ сонымен бірге оларды одан әрі жетілдіру қажеттілігін де көрсетеді.

2-сурет

Студенттердің эмоциялық интеллект деңгейі (%)



Ескертпе: көрсеткіштер зерттеуге қатысқан студенттердің эмоциялық интеллект деңгейлері бойынша үлестік таралуының пайыздық көрсеткіші.

Н. Холл әдістемесі бойынша студенттердің эмоциялық интеллектісінің интегралдық көрсеткіштерін талдаудың нәтижесінде жекелеген компоненттер бойынша даму деңгейлері үлестірімінің біртекті еместігін көрсетті. Эмоциялық хабардарлық көрсеткіші ең теңгерімді екені анықталды. Студенттердің 23,46%-ы жоғары деңгейді, 48,15%-ы орташа деңгейді, ал 28,40%-ы төмен деңгейді көрсетті. Демек, студенттердің жартысына жуығы өздерінің эмоциялық күйлерін тануға және оларды бара-бар сәйкестендіруге жеткілікті қабілетке ие деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Дегенмен, таңдау тобының айтарлықтай бөлігінде аталмыш дағдының тапшылығы байқалады. Ол өз кезегінде эмоциялық реттелуді қиындатып, коммуникация және бірлескен оқу іс-әрекеті үдерісінде қиындықтар тудыруы мүмкін.

Ең осал компонент өз эмоцияларын басқару көрсеткіші болды. Аталмыш көрсеткіш бойынша жоғары деңгей студенттердің тек 9,88%-ында ғана тіркелсе, жартысынан астамы (55,56%-ы) төмен деңгейді көрсетті. Демек, студенттердің көпшілігінде эмоциялық реакцияларды ерікті түрде реттеу және стрестік жағдайларда эмоциялық тепе-теңдікті сақтау тетіктерінің жеткілікті дәрежеде қалыптаспағанын айғақтайды. Ол өз кезегінде олардың оқу үлгеріміне, академиялық ортаға бейімделуіне және топтағы тұлғааралық қарым-қатынастарға теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Таңдау тобындағы өзіндік мотивация және эмпатия көрсеткіштері белгілі бір шашыраңқылыты көрсеткенімен, салыстырмалы түрде біркелкі үлестірілді. Өзіндік мотивацияның жоғары деңгейі студенттердің 38,27%-ында байқалды. Ондай студенттер айқын мақсаттылығымен, нәтижелерге қол жеткізуге дайындығымен және оқу үдерісінің қиындықтарына қарамастан белсенділікті сақтау қабілетімен айшықталады деуге келеді. Дегенмен, респонденттердің 37,04%-ы аталған көрсеткіштің төмен деңгейін көрсетті. Жоғары жүктеме жағдайында табандылықтың жеткіліксіздігінен және оқуға деген мотивацияның төмендеу ықтималдығының артуынан көрініс табуы мүмкін. Эмпатия студенттердің 33,33%-ында жоғары деңгейде дамыған болса, 37,04%-ы төмен көрсеткіштерді иеленді. Бұндай нәтиже студенттердің айтарлықтай бөлігі айналасындағылардың эмоциялық күйлерін түсінуде және ескеруде қиындықтарға тап болатынын айғақтайды. Ол өз кезегінде оқу тобындағы өзара әрекеттестіктің тиімділігін шектейді.


Өзге адамдардың эмоцияларын басқару көрсеткіші біркелкі үлестірілген. Студенттердің 33,33%-ы жоғары деңгейді, 32,10%-ы орташа деңгейді, ал 34,57%-ы төмен деңгейді көрсетті. Мұндай үлестірім студенттер ұжымында айқын коммуникативтік және лидерлік қабілеттері бар қатысушылармен қатар, топтағы эмоциялық ахуалға ықпал етуде қиындықтарды бастан кешіретін тұлғалардың да бар екеніне нұсқайды.

Алынған мәліметтерді жиынтық талдауы студенттердің эмоциялық интеллектісі фрагментарлы сипатқа ие деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Олардың өзіндік мотивация және эмпатия сияқты жекелеген компоненттері жеткілікті дәрежеде жақсы дамыған, бірақ таңдаманың айтарлықтай бөлігінде өз эмоцияларын басқару біліктілігінің тапшылығы байқалады. Бұндай студенттердің эмоциялық өзін-өзі реттеу, стресске төзімділік дағдыларын қалыптастыру және оқу мен әлеуметтік жағдайларда сындарлы өзара әрекеттестік жасау қабілетін дамыту бойынша мақсатты психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізу қажеттілігін айқындай түседі.

Студенттердің эмоциялық интеллектісінің күйін жалпылама бағалау үшін басым көріністі ескере отырып, оның барлық компоненттерінің жиынтық даму деңгейін көрсететін интегративті көрсеткіш есептелді. Жүргізілген талдау зерттеліп отырған таңдамада эмоциялық интеллектінің интегративті деңгейі төмен студенттердің басым екенін көрсетті, олардың үлесі қатысушылардың жалпы санының 45,68%-ын құрайды. Орташа деңгей студенттердің 38,27%-ында анықталды. Эмоциялық интеллектінің жоғары деңгейін студенттердің тек 16,05%-ы ғана көрсетті.

3-сурет

Студенттердің эмоциялық интеллект дамуының интегративті деңгейі (%)



Ескертпе: көрсеткіштер зерттеуге қатысқан студенттердің эмоциялық интеллект дамуының интегративті деңгейлері бойынша үлестік таралуының пайыздық көрсеткіші.

3-диаграммадан көріп отырғанымыздай, студенттердің жартысына жуығы (45,7%-ы) эмоциялық интеллектінің төмен интегративті деңгейіне ие. Тұтастай алғанда эмоциялық хабардарлықтың, өзін-өзі реттеу қабілеті мен эмоцияларды басқару дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетеді. Дамудың орташа деңгейі студенттердің 38,3%-ында байқалады. Олардың базалық дағдылардың бар екенін, бірақ оларды одан әрі дамыту әлеуетінің жоғарылығын нұсқайды. Жоғары деңгейді тек 16,0%-ы ғана көрсетеді. Үйлесімді әрі дамуы қалыпты эмоциялық интеллектісі бар студенттердің салыстырмалы түрде аз екенін көрсетуде.


Алынған мәліметтер зерттеліп отырған таңду тобында эмоциялық интеллектінің төмен интегративті деңгейі басым екенін айғақтайды. Студенттердің айтарлықтай бөлігі эмоциялық интеллект компоненттерін – өз эмоцияларын сезінуден бастап, оларды реттей білуге және басқа адамдардың эмоциялық күйлерін ескеруге дейінгі дағдыларды кешенді түрде жүзеге асыруда қиындықтарға тап болатынын білдіреді. Мұндай нәтиже білім беру үдерісіне эмоциялық құзыреттілікті дамытуға, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, эмпатия деңгейін арттыруға және оқу тобындағы эмоциялық ахуалды басқаруға бағытталған арнайы психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды енгізудің өзектілігін айқындай түседі.

Студенттердің эмоциялық күйін бағалау және олардың мазасыздық реакцияларының көрініс табу дәрежесін анықтау мақсатында В.В.Бойко әдістемесі бойынша ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділіктің экспресс-диагностикасы жүргізілді. Алынған мәліметтер аталған көрсеткіш бойынша деңгейі жоғары, орташа және төмен студенттердің үлесін анықтауға мүмкіндік берді. Ұсынылған диаграммадан көріп отырғанымыздай, респонденттердің негізгі бөлігі (58%-ы) мазасыздыққа бейімділіктің орташа деңгейін көрсетті. Ондай көрсеткіш студенттік жас шамасына белгісіздік пен стрестік жағдайларға сезімталдықты бейнелейді, бірақ шамадан тыс эмоциялық тұрақсыздықты білдірмейді. Таңдаманың үштен біріне жуығы (35,8%-ы) төмен деңгейді көрсетті. Ондай студенттердің эмоциялық тепе-теңдікті сақтау және қиындықтарды сындарлы түрде еңсеру қабілетін байқатады. Мазасыздықтың жоғары деңгейі студенттердің тек 6,2%-ында ғана анықталды, бұл айқын ішкі ширығуды бастан кешіретін және қосымша психологиялық қолдауды қажет

ететін тұлғалардың салыстырмалы түрде аз екенін айғақтайды.

4-сурет

Студенттердің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік деңгейі (%)



Ескертпе: көрсеткіштер зерттеуге қатысқан студенттердің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік деңгейлері бойынша үлестік таралуының пайыздық көрсеткіші.

4-диаграммадан көріп отырғанымыздай, студенттердің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділіктерін айқындау нәтижелерінің талдауы зерттеліп отырған таңдамада аталған күй көрінісінің орташа деңгейі басым екенін көрсетті. Респонденттердің 58%-ы орташа көрсеткішті айғақтатты. Бұндай студенттердің көпшілігіне аталған көрсеткіш патологиялық деңгейге жетпейтін, негізінен белгісіздік пен жоғары жүктеме жағдайларында ғана көрінетін қалыпты мазасыздық тән екенін нұсқайды. Сонымен бірге, қатысушылардың 35,8%-ында ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділіктің төмен деңгейі анықталды. Ондай студенттер эмоциялық тұрақтылықты, тепе-теңдікті және стрестік факторларды адекватты түрде еңсеру қабілетін айғақтайды. Мазасыздықтың жоғары деңгейі студенттердің 6,2%-ында айқындалды. Ондай студенттердің эмоциялық сезімталдығы жоғары, жиі әрі әрдайым негізді бола бермейтін мазасыздық реакцияларына бейім болуы мүмкін. Мұндай күй олардың оқу іс-әрекетіне теріс әсер етіп, зейіндерінің шоғырлануын төмендетуі мүмкін. Алынған мәліметтер тұтастай алғанда студенттердің мазасыздығы бақылауға алынатын деңгейде екенін, алайда жоғары көрсеткіштері бар тұлғалардың анықталған үлесі жоғары оқу орнының психологиялық қызметі тарапынан назар аударуды және эмоциялық өзін-өзі реттеу дағ-

дыларын дамыту мен созылмалы стресс ықтималдығын төмендетуге бағытталған профилактикалық іс-шараларды жүргізуді талап ететінін қорытындылауға мүмкіндік береді.

Студенттердің эмоциялық интеллект компоненттерін сандық тұрғыдан бағалау үшін

Н. Холл әдістемесінің бес шкаласының (эмоциялық хабардарлық, өз эмоцияларын басқару, өзіндік мотивация, эмпатия және өзге адамдардың эмоцияларын басқару) әрқайсысы бойынша сипаттамалық статистика есептелді. Нәтижелері төмендегі 2-кестеде ұсынылған.

2-кесте

Студенттердің эмоциялық интеллект деңгейінің сипаттамалық статистикасы

		Эмоциялық хабардарлық	Өз эмоцияла- рын басқару	Өзіндік мотивация	Эмпатия	Өзге адамдардың эмоциясын басқару
N	Валидті	81	81	81	81	81
Орташа		9.0000	5.1358	9.3457	8.9259	8.3580
Орташа стандартты ауытқу		.74866	.77813	.75199	.84012	.93034
Медиана		10.0000	6.0000	10.0000	11.0000	10.0000
Мода		10.00	11.00	16.00	11.00 ^a	18.00
Орташа квадраттық ауытқу		6.73795	7.00313	6.76787	7.56105	8.37304
Асимметрия		-1.469	-.579	-1.086	-1.098	-1.098
Стандартты асимметрия қатесі		.267	.267	.267	.267	.267
Эксцесс		2.846	.196	1.569	1.174	.916
Эксцестің стандартты қатесі		.529	.529	.529	.529	.529
Минимум		-17.00	-18.00	-17.00	-18.00	-18.00
Максимум		18.00	18.00	18.00	18.00	18.00

Ескертпе: кестеде эмоциялық интеллект компоненттері бойынша орташа мән, орташа мәnnің стандартты қатесі, медиана, мода, стандартты ауытқу, асимметрия, эксцесс, сондай-ақ минималды және максималды мәндер берілген

2-кестедегі мәліметтерден көріп отырғанымыздай, көрсеткіштердің орташа мәндері 5,14-тен 9,35-ке дейінгі шекте құбылады. Ол өз кезегінде эмоциялық интеллектінің жекелеген компоненттері қалыптасу деңгейінің әртүрлілігін нұсқайды. Ең жоғары орташа көрсеткіш өзіндік мотивация шкаласы бойынша алынды ($M = 9,35$). Ондай нәтиже студенттердің өз белсенділігін сақтау және мақсаттарға қол жеткізуге бағытталу қабілетінің дамығанын айғақтайды. Эмоциялық хабардарлық ($M = 9,00$) және эмпатия ($M = 8,93$) шкалалардың орташа мәндері сәл төменірек болды. Демек, бұндай студенттер өз эмоцияларын сезіну және басқа адамдардың эмоциялық күйлерін түсіну дағдыларының даму деңгейі жеткілікті дәрежеде жақсы, бірақ ең жоғары шекте емес екенін білдіреді. Ең төменгі орташа көрсеткіш өз эмоцияларын басқару шкаласы бойынша тіркелді ($M = 5,14$). Ол өз кезегінде студенттердің өзін-өзі реттеу аясындағы

қиындықтарын және оны мақсатты түрде қалыптастыру қажеттілігін растайды. Стандартты ауытқулардың жоғары мәндері және бірқатар шкалалар бойынша теріс асимметрияның болуы тандаманың біртекті еместігін және эмоциялық интеллект көрсеткіштері өте төмен, сондай-ақ өте жоғары студенттердің полярлы топтарының бар екенін көрсетеді.

Студенттердің мазасыздық күйлерінің көрініс табуын талдау және эмоциялық ширығу дәрежесін анықтау мақсатында В.В. Бойко әдістемесі бойынша ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділіктің экспресс-диагностикасы жүргізілді. Сипаттамалық статистиканың есебі тандамадағы көрсеткіштің орташа деңгейін, сондай-ақ нәтижелердің үлестірім сипатын, соның ішінде медиананы, моданы, стандартты ауытқуды және асимметрия мен эксцесс көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер 3-кестеде ұсынылған.

3-кесте

Студенттердегі ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділіктерінің сипаттамалық статистикасы

Ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік		
N	Валидті	81
Орташа		5.3827
Орташа стандартты қате		.29636
Медиана		5.0000
Мода		5.00
Орташа квадраттық ауытқу		2.66725
Асимметрия		-.051
Стандартты асимметрия қатесі		.267
Эксцесс		-.854
Эксцестің стандартты қатесі		.529
Минимум		1.00
Максимум		11.00

Ескертпе: кестеде ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік көрсеткіші бойынша орташа мән, орташа мәннің стандартты қатесі, медиана, мода, стандартты ауытқу, асимметрия, эксцесс, сондай-ақ минималды және максималды мәндер берілген

3-кестеде ұсынылған мәліметтерден көріп отырғанымыздай, студенттік таңдамада ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділіктің орташа мәні $M = 5,38$ деңгейінде екенін көрсетеді. Аталған әдістеме бойынша орташа көрсеткіштер интервалына сәйкес келеді және студенттердің көпшілігінде мазасыздықтың қалыпты дәреже-

де көрініс табатынын нұсқайды. Медиана (5,00) мен мода (5,00) мәндері орташа шамаға жақын, үлестірімнің симметриялылығын және шеткі мәндер бағытына қарай елеулі ығысудың жоқтығын білдіреді. Теріс асимметрия (-0,051) мен теріс эксцесс (-0,854) үлестірімнің сүйірлігінің төмендігін бейнелейді, таңдамада мазасыздықтың өте жоғары немесе өте төмен көрсеткіштері бар респонденттердің аз екендігін айғақтайды. Осы мәліметтердің жиынтығы тұтастай алғанда студенттердің аталған әдістеме бойынша нәтижелері қалыпты шегінен шықпайтын, теңгерімді эмоциялық ширығу деңгейі байқалады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Дегенмен максималды мәндері (11 балға дейін) бар қатысушылардың болуы жиі мазасыздық күйлерінің туындау қаупі жоғары кіші топтың бар екенін көрсетеді, жоғары оқу орнының психологиялық қызметі тарапынан назар аударуды және профилактикалық іс-шаралар жүргізуді талап етеді.

Эмоциялық интеллект деңгейі мен ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында Пирсонның корреляция коэффициентін қолдану арқылы корреляциялық талдау жүргізілді. Корреляциялық талдау эмоциялық интеллект компоненттері көрінісінің студенттердің мазасыздық деңгейімен қаншалықты байланысты екенін айқындауға және жекелеген эмоциялық құзыреттіліктердің мазасыздық күйлерін бастан кешіруге бейімділікке тигізетін ықтимал әсерін анықтауға мүмкіндік берді. Корреляциялық талдау нәтижелері 4-кестеде ұсынылған.

4-кесте

Студенттердің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділігі мен эмоциялық интеллектісі арасындағы өзара байланыс

Ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік		
Эмоциялық хабардарлық	Пирсон корреляциясы	-.050
	Мәні. (екі жақты)	.657
	N	81
Өз эмоцияларын басқару	Пирсон корреляциясы	-.123
	Мәні. (екі жақты)	.273
	N	81
Өзіндік мотивация	Пирсон корреляциясы	-.120
	Мәні. (екі жақты)	.288
	N	81
Эмпатия	Пирсон корреляциясы	-.046
	Мәні. (екі жақты)	.681
	N	81

Ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік		
Өзге адамдардың эмоциясын басқару	Пирсон корреляциясы	-.088
	Мәні. (екі жақты)	.435
	N	81

Ескертпе: статистикалық мәнділік деңгейі $p < 0,05$ ретінде қабылданды

4-кестеде ұсынылған корреляциялық талдау нәтижелері студенттердің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділігі мен эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасында статистикалық маңызды байланыстардың жоқтығын көрсетеді. Барлық корреляция коэффициенттері теріс таңбаға ие. Демек, эмоциялық интеллект көрсеткіштері жоғарылаған сайын мазасыздық деңгейінің төмендеу үрдісін айғақтайды, алайда коэффициенттердің мәндері ($-0,046$ -дан $-0,123$ -ке дейін) өте төмен және статистикалық маңыздылық деңгейіне ($p > 0,05$) жетпейді. Ол өз кезегінде зерттелініп отырған таңдамада эмоциялық интеллект пен ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік бір-бірінен салыстырмалы түрде тәуелсіз көрініс береді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Айқын өзара байланыстың болмауы студенттердің жас ерекшеліктерімен (олар үшін қалыпты мазасыздық белгісіздік жағдайларына табиғи реакция), сондай-ақ осы кезеңде эмоциялық интеллектінің дамуы фрагмен-

тарлы сипатқа ие екендігімен және эмоциялық күйлерді тиімді реттеуді әрдайым қамтамасыз ете бермейтіндігімен түсіндірілуі мүмкін.

Жекелеген эмоциялық интеллект компоненттерінің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік деңгейіне қосатын үлесін анықтау мақсатында көптік сызықтық регрессиялық талдау жүргізілді. Тәуелді айнымалы ретінде мазасыздыққа бейімділіктің жиынтық көрсеткіші алынды, ал эмоциялық интеллектінің шкалалары предикторлар ретінде қатысты.

Эмоциялық интеллект компоненттерінің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділікке тигізетін ықпал ету дәрежесін бағалау үшін көптік сызықтық регрессиялық талдау орындалды. Барлық бес предикторды қамтитын модельдің жиынтық нәтижелері 5-кестеде ұсынылған және олар предикторлар мен тәуелді айнымалы арасындағы байланыстың күшін, сондай-ақ студенттердің мазасыздық деңгейі вариациясының түсіндірілген үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

5-кесте

Модель үшін жиынтық^а

Модель	R	R-квадрат	Түзетілген R-квадрат	Стандартты бағалау катесі	Өзгерістер статистикасы					Дарбин-Уотсон
					R квадраттың өзгерісі	F өзгерісі	1 еркіндік дәрежесі	2 еркіндік дәрежесі	F өзгерісі- нің мәні	
1	.172 ^а	.030	-.035	2.71361	.030	.458	5	75	.806	1.775

Ескертпе: а. болжаушылар: (тұрақты), өзге адамдардың эмоцияларын басқару, өз эмоцияларын басқару, эмоциялық хабардарлық, өзіндік ынталандыру, эмпатия. б. тәуелді айнымалы: ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік.

5-кестеден көріп отырғанымыздай, модель бойынша жиынтық мәліметтер ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік пен эмоциялық интеллектінің бес компонентінің жиынтығы арасындағы көптік корреляцияның төмен екендігін көрсетті ($R = 0,172$). Детерминация коэффициенті $R^2 = 0,03$ құрады, модельге енгізілген предиктор-

лар студенттердің мазасыздық деңгейі вариациясының тек 3%-ын ғана түсіндіретінін білдіреді. Түзетілген R^2 мәні теріс болып шықты ($-0,035$), модельдің тәуелді айнымалының жай орташа мәнімен салыстырғанда болжамды жақсартпайтынын нұсқайды. F статистикасы статистикалық маңыздылық деңгейіне жетпеді ($F(5,75) = 0,458$;

$p = 0,806$), мазасыздыққа бейімділік вариациясын түсіндіруде предикторлар жиынтығының маңызды үлесі жоқ екенін айғақтайды. Дарбин–Уотсон критерийінің мәні 1,775-ті құрады, рұқсат етілген диапазонда және қалдықтардың айқын автокорреляциясының жоқтығын көрсетеді.

Құрылған регрессиялық модельдің статистикалық маңыздылығын тексеру мақсатында

дисперсиялық талдау (ANOVA) жүргізілді. Ол предикторлар жиынтығы тәуелді айнымалы вариациясының маңызды үлесін түсіндіре ме және алынған модельді студенттердің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік деңгейін болжау үшін жарамды деп санауға бола ма деген сұрақтарды анықтауға мүмкіндік береді. ANOVA нәтижелері 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Регрессиялық модельдің дисперсиялық талдау нәтижелері

	Модель	Квадраттардың қосындысы	Еркіндік дәрежесі	Орташа квадрат	F	Мәні
1	Регрессия	16.861	5	3.372	.458	.806 ^b
	Қалдығы	552.275	75	7.364		
	Баплығы	569.136	80			

Ескертпе: а. тәуелді айнымалы: ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік. б. болжаушылар: (тұрақты), өзге адамдардың эмоцияларын басқару, өз эмоцияларын басқару, эмоциялық хабардарлық, өзіндік ынталандыру, эмпатия

Дисперсиялық талдау нәтижелері (6-кесте) құрылған регрессиялық модельдің статистикалық мәнді емес екендігін ($F(5,75) = 0,458$; $p = 0,806$) растады. Демек, эмоциялық интеллектінің бес компонентінің жиынтығы студенттердегі ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік көрсеткіші вариациясының шынайы үлесін түсіндірмейтінін білдіреді. Осылайша, сызықтық модель осы таңдамадағы эмоциялық интеллектінің даму деңгейі туралы мәліметтер негізінде мазасыздық деңгейін болжауға мүмкіндік бермейді.

Ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік вариациясын түсіндірудегі әрбір жеке предиктордың қосқан үлесін нақтылау мақсатында көптік сызықтық регрессия коэффициенттеріне талдау жүргізілді. 6-кестеде эмоциялық интеллекті шкалаларының әрқайсысы үшін стандартталмаған және стандартталған коэффициенттердің (β) мәндері, t-статистикасы және маңыздылық деңгейлері, сондай-ақ коллинеарлық көрсеткіштері ұсынылған, әрбір айнымалының жеке үлесін бағалауға және ықтимал мультиколлинеарлық әсерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

7-кесте

Ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік үшін көптік сызықтық регрессия коэффициенттері

		Коэффициенттер ^a				Коллинеарлық статистикасы	
Модель		Стандартталмаған коэффициенттер		t	Мәні	Жіберілгені	
		B	Стандартты қате			Жіберілгені	VIF
1	(Константа)	5.615	.563	9.982	.000		
	Эмоциялық хабардарлық	.039	.073	.529	.598	.378	2.649
	Өз эмоцияларын басқару	-.047	.057	-.814	.418	.569	1.759
	Өзіндік мотивация	-.056	.075	-.746	.458	.359	2.782
	Эмпатия	.051	.076	.676	.501	.278	3.596
	Өзге адамдардың эмоциясын басқару	-.033	.074	-.451	.654	.239	4.181

Ескертпе: а. Тәуелді айнымалы: ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік

Регрессия коэффициенттерін (7-кесте) предикторлардың ешқайсысы ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік деңгейіне статистикалық маңызды ықпал көрсетпегенін айқындады (барлық айнымалылар үшін $p > 0,05$). Ең жоғары стандартталған коэффициент ($\beta = 0,146$) «Эмпатия» шкаласында байқалады, алайда оның қосқан үлесі статистикалық маңыздылық деңгейіне жетпейді ($p = 0,501$). Қалған шкалалардың да коэффициенттері мәнді болмады, сонымен қатар өз эмоцияларын басқару, өзіндік мотивация және басқа адамдардың эмоцияларын басқару үшін ықпал ету бағыты теріс болып шықты әрі ол теориялық тұрғыдан мазасыздықпен кері байланысты нұсқауы мүмкін, бірақ бұл таң-

дамада аталған үрдіс статистикалық тұрғыдан расталмайды. VIF көрсеткіштері норма шегінде ($VIF < 5$), предикторлар арасында мультиколлинearлықтың жоқтығын айғақтайды.

Көптік регрессия нәтижелерін интерпретациялаудың дұрыстығын қамтамасыз ету үшін предикторлардың мультиколлинearлығына тексеру жүргізілді. Диагностика тәуелсіз айнымалылардың әрқайсысы үшін меншікті мәндерді, шарттылық көрсеткішін және дисперсия үлестерін есептеуді қамтыды. Бұндай есеп эмоциялық интеллект шкалалары арасындағы өзара байланыстардың регрессиялық талдау нәтижелерін бұрмаламайтынын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу қорытындысы 8-кестеде ұсынылған.

8-кесте

Регрессиялық модель болжаушыларының мультиколлинearлық диагностикасы

Коллинearлықты диагностикалау ^a									
Модель	Өлшемі	Өзіндік мәні	Шарттылық көрсеткіші	Дисперсия үлесі					
				(Константа)	Эмоциялық хабардарлық	Өз эмоцияларын басқару	Өзіндік мотивация	Эмпатия	Өзге адамдардың эмоциясын басқару
1	1	5.033	1.000	.01	.00	.01	.00	.00	.00
	2	.415	3.482	.33	.00	.44	.00	.00	.00
	3	.262	4.381	.28	.00	.49	.00	.05	.13
	4	.118	6.538	.17	.62	.03	.07	.28	.02
	5	.100	7.092	.03	.32	.00	.87	.05	.00
	6	.072	8.379	.18	.04	.03	.05	.63	.84

Ескертпе: а. Тәуелді айнымалы: ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік

Мультиколлинearлықты диагностикалау нәтижелері (8-кесте) меншікті мәндердің нөлге жақындамайтынын, ал шарттылық көрсеткіштерінің 30-ға тең сыни мәннен аспайтынын көрсетті, күрделі мультиколлинearлық мәселелерінің жоқтығын айғақтайды. Әрбір предиктор үшін дисперсия үлестері салыстырмалы түрде біркелкі үлестірілген, бірнеше айнымалы үшін бір өлшемде жоғары мәндердің ($>0,5$) шоғырлануы байқалмайды. Демек, эмоциялық интеллект шкалаларының бір-бірінен тәуелсіздігін растайды. Осылайша, модель предикторлардың өзара байланысының ықпалымен бұрмаланбаған және оны дұрыс интерпретациялауға болады.

Жүргізілген көптік сызықтық регрессиялық талдау эмоциялық интеллект компоненттерінің жиынтығы студенттердегі ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділіктің статистикалық маңызды предикторы болып табылмайтынын көрсетті. Әлсіз оң көптік корреляцияға ($R = 0,172$) қарамастан, детерминация коэффициенті төмен ($R^2 = 0,03$) болып шықты, ал түзетілген R^2 теріс мәнге ие болды, тәуелді айнымалының орташа мәнін пайдаланумен салыстырғанда болжам сапасының жақсармағанын айғақтайды. ANOVA нәтижелері модельдің маңызды еместігін ($p > 0,05$) растады, ал регрессия коэффициенттері статистикалық маңызды предикторлардың жоқ-

тығын көрсетті (барлық шкалалар бойынша $p > 0,05$). Мультиколлинеарлықты тексеру нәтижелерді бұрмалай алатын мәселелерді анықтаған жоқ. Осылайша, зерттеудің эмоциялық интеллектінің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділікті төмендетудегі предикторлық рөлі туралы алға қойылған болжамы расталмады. Аталған таңдау тобында студенттердің эмоциялық интеллект деңгейі олардың ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік көріністерімен байланысты емес, жастардың эмоциялық күйі мен мазасыздығын айқындайтын басқа да факторларды одан әрі зерттеу қажеттілігін нұсқайды.

Эмоциялық интеллект компоненттерінің жиынтығы студенттердің ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділігіне статистикалық маңызды ықпал етпейді, аталған жас кезеңінде аталмыш психологиялық конструктілердің бір-бірінен тәуелсіздігін айғақтауы мүмкін. Маңызды коэффициенттердің жоқтығына қарамастан, жекелеген предикторлардың ықпал ету бағыты назар аударуға тұрарлық. Өз эмоцияларын басқару, өзіндік мотивация және басқа адамдардың эмоцияларын басқару теріс стандартталған коэффициенттерге ие. Олардың әлеуетті қорғаныс қызметін нұсқауы мүмкін. Аталмыш дағдылардың даму деңгейі жоғары болған сайын мазасыздық деңгейі төмендейді деуге болады. Сонымен бірге, эмоциялық хабардарлық пен эмпатияның оң коэффициенттері өзінің және өзгенің эмоцияларына шамадан тыс сезімталдықтың стрессогендік факторларды қабылдауды күшейтуі және мазасыздықты бастан кешіруге түрткі болуы мүмкін деген болжам жасауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеудің басты нәтижесі эмоциялық интеллект компоненттері мен ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік арасында статистикалық маңызды байланыстың болмауы ($p > 0,05$). Бұндай нәтиже жұмыстың алғашқы болжамын теріске шығарғанымен, мәнін жоққа шығармайды. Зерттелініп отырған таңдау тобында студенттердің эмоциялық интеллект деңгейі олардың мазасыздыққа бейімділік көріністерімен тікелей байланысты емес. Зерттелінген жас жасамасындағы сыналушылардың аталған психологиялық конструктілердің тәуелсіздігін көрсетеді.

Аталған статистикалық мәнді емес нәтиженің себебін психологиялық және әдіснамалық тұрғыдан талдау бірнеше негізгі факторларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Ең алдымен, өлшенетін конструктілердің табиғатында әдіснамалық алшақтық бар. Н. Холл әдістемесі индивидтің өз эмоциялық қабілеттері туралы субъективті өзін-өзі бағалауы мен түсінігін бейнелейтін диспозициялық эмоциялық интеллектіні диагностикалауға бағытталған. Сонымен бірге, ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік (В.В. Бойко бойынша) тұлғаның тұрақты психофизиологиялық және вегетативтік реакцияларын тіркейді. Студенттер өздерінің эмоциялық хабардарлығын жоғары бағалауы мүмкін, алайда белгісіздік жағдайларында аталмыш түсініктер әрдайым автоматты түрде эмоциялық ширығуды төмендетудің шынайы тетіктеріне айнала бермейді.

Жас ерекшелік-контекстік ерекшелік пен бейімделу факторы да маңызды рөл атқарады. Таңдаманы нормативтік жасөспірімдік дағдарыс және жоғары оқу орнында білім алуға әлеуметтік бейімделу кезеңіндегі төменгі курс студенттері ($M = 17,75$ жас) құрады. Аталмыш кезеңде ынталандырылмаған мазасыздық көбінесе экзогендік факторлардан ситуативтік академиялық жүктемеден, әлеуметтік ортаның өзгеруінен және мәртебенің белгісіздігінен туындайды. Қуатты сыртқы стрессогендік контекст жағдайында эмоциялық өзін-өзі реттеудің ішкі ресурстары қалыптасқан мінез-құлықтық копинг-стратегиялармен бекітілмесе, жеткілікті дәрежеде тиімді болмауы мүмкін.

Келесі бір ескерерлік жәйт, эмоциялық интеллект компоненттерінің әртүрлі бағыттылық сипаты. Қол жеткізген нәтижелер (статистикалық мәнді болуына қарамастан) шкалалардың сараланған әсерін айқын көрсетеді. «Өз эмоцияларын басқару», «өзіндік мотивация» және «өзгелердің эмоцияларын басқару» шкалалары байланыстың теріс бағыттылығын көрсетіп, әлеуетті ішкі ресурс ретінде көрініс тапты. Сонымен бірге, «эмоциялық хабардарлық» пен «эмпатия» оң бағыттылықты байқатты. Бұндай нәтиже «гиперрефлексия» әсерімен түсіндіріледі. Өз эмоциялық күйлеріне жоғары сезімталдық және когнитивті өңдеу дағдыларыңызсыз айнала дағылардың стресін (мысалы, емтихан кезеңіндегі курстастардың мазасыздығын) эмпатиялық тұрғыдан «бойға сіңіру» мазасыздық сезімдеріне деген бекіністі күшейтуге қабілетті.

Алынған мәліметтер Т. Б. Тәжібаев және т.б. (2023) жүргізген зерттеуімен үндеседі. Авторлар өз еңбектерінде эмоциялық интеллектінің өзін-өзі есеп беру сауалнамалары мазасыздық күйлерінің тікелей предикторлары бола алмайтыны,

ал олардың қорғаныс әсері жанама (медиативті) сипатқа ие екендігі ерекше атап көрсетіледі.

Нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығы студенттерді психологиялық қолдауға сараланған тәсілді қолдану қажеттілігін айқындайды. Реттеу және өзіндік мотивация дағдыларының қалыптасуы мазасыздықты төмендетуге септігін тигізуі мүмкін, алайда жағымсыз эмоцияларға бейімсіз болудың алдын алу үшін эмоциялық хабардарлықпен жұмыс істеу міндетті түрде когнитивті еңсеру стратегияларына дағдыландырумен ұштасуы тиіс деп ойлаймыз.

Зерттеудің шектеулері

Алынған эмпирикалық нәтижелерді интерпретациялау барысында бірқатар елеулі әдіснамалық әрі мазмұндық шектеулерді ескеру қажет.

Біріншіден, зерттеу массивінің көлемі мен оны қалыптастыру тәсілі белгілі бір шектеулер қояды. Таңдама 81 респондентпен шектелген және жоғары оқу орны шеңберінде қолжетімді таңдама әдісімен қалыптастырылды. Ол өз кезегінде мәліметтердің репрезентативтілігін айтарлықтай төмендетеді және қорытындысы студент жастардың барлық жиынтығына кеңінен генерализациялау мүмкіндіктерін шектейді, сондай-ақ нәтижелерді басқа әлеуметтік-демографиялық және жас ерекшелік топтарымен салыстыру кезінде сақтық танытуды талап етеді.

Екіншіден, зерттеудің мазмұндық шеңбері психологиялық көрсеткіштерді бірыңғай уақыттық қимада тіркейтін қолданылған көлденең дизайнның ерекшелігіне байланысты. Мұндай тәсіл анықталған байланыстарды себеп-салдарлық интерпретациялау мүмкіндігін жоққа шығарады, сонымен қатар академиялық үдерістің әртүрлі кезеңдерінде (атап айтқанда, емтихан сессиясы кезеңдерінде немесе жоғары курстарға өткен кезде) мазасыздық пен эмоциялық интеллект компоненттері көрінісінің уақыттық динамикасын бақылауға мүмкіндік бермейді.

Үшіншіден, зерттеудің әдістемелік құралдары тек қана өзін-өзі есеп берудің психодиагностикалық әдістемелерімен (Н. Холлдың сауалнамасы және В.В. Бойконың экспресс-диагностикасы) ұсынылған. Мәліметтерді жинаудың мұндай форматына әлеуметтік қалаулылық әсерінің көрініс табуы, эмоциялық сипаттарды өзін-өзі бағалаудың субъективтілігі, сондай-ақ тестілеу сәтіндегі респонденттердің ағымдағы психоэмоциялық күйінің ықпалы салдарынан көрсеткіштердің бұрмалану қаупі тән. Ақыр соңында, талданған модельдің оқшауланған сипаты да шектеу болып табылады. Осы зерттеу

шеңберінде экзогендік (академиялық жүктеме деңгейі, әлеуметтік қолдау өлшемдері) және эндогендік (стрессті еңсерудің жеке мінез-құлықтық копинг-стратегиялары, диспозициялық тұлғалық мазасыздық) сияқты ықтимал медиаторлық және модераторлық айнымалылардың қосқан үлесі ескерілмеді. Аталған факторларды есепке алу кейінгі эмпирикалық ізденістердің қажетті бағыты бола алады деген үміттеміз.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу студенттерінің эмоциялық интеллект компоненттері мен ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік деңгейі арасындағы өзара байланыс сипатын талдауға бағытталды.

Жүргізілген эмпирикалық талдаудың негізінде бірнеше негізгі қорытынды тұжырымдалды:

Зерттеліп отырған таңдау тобында студенттердің көпшілігі эмоциялық хабардарлық пен өзіндік мотивация көрсеткіштерінің жоғары көрініс табуы жағдайында, өз эмоцияларын басқару дағдылары дамуының салыстырмалы түрде төмен деңгейімен сипатталатын эмоциялық интеллектінің орташа даму деңгейін көрсетеді. Ынталандырылмаған мазасыздыққа бейімділік те бейімделушілік ширығудың қалыпты деңгейін бейнелей отырып, орташа көрініс табу шеңберінде орналасқан.

Эмоциялық интеллектінің ынталандырылмаған мазасыздыққа қатысты тікелей ингибиторлық рөлі туралы болжам эмпирикалық тұрғыдан расталмады. Эмоциялық интеллект пен ынталандырылмаған мазасыздық статистикалық тұрғыдан тәуелсіз психологиялық конструктілер ретінде жұмыс істейді ($p > 0,05$).

Алынған статистикалық тұрғыдан мәнді емес нәтиже эмоциялық дағдыларды субъективті өзін-өзі бағалаудың өздігінен ғана жоғары оқу орнында білім алуға бейімделу кезеңінде студенттердегі фондық мазасыздықты төмендетудің тікелей предикторы бола алмайтынын нұсқайды.

Зерттеу нәтижелері тікелей корреляциялық модельдерден медиаторлық модельдерге көшу қажеттілігін негіздейді. Жоғары оқу орындарының психологиялық қызметтерінің тәжірибелік жұмысында негізгі екпін жай ғана ақпараттандыру мен эмоциялық хабардарлықты дамытудан стрессті еңсерудің нақты мінез-құлықтық және когнитивті стратегияларына үйретуге ауысуы

тиіс. Болашақ ізденістердің перспективалары таңдаманы кеңейтуде және талдамалық модельдерге қосымша медиаторлық айнымалыларды (стресске төзімділік, әлеуметтік қолдау, академиялық жүктеме) енгізуде көрініс табады.

Авторлардың үлесі

Бапаева Сая Тлектескызы – тұжырымдау, әдіснама, зерттеу, мәтіннің алғашқы нұсқасын жазу, мәтінді рецензиялау және редакциялау.

Альмуратова Алина Баглановна – мәліметтерді өңдеу, формальді талдау, көрнекіленді-

ру (визуализация), аудару, мәтінді рецензиялау және редакциялау.

Ербосынқызы Динара – тұжырымдау, формальді талдау, мәтінді рецензиялау және редакциялау.

Бейсенова Жупаркуль Жумабаевна – ғылыми жетекшілік (супервизия), жобаны әкімшілендіру, мәтінді рецензиялау және редакциялау.

Ысқақ Гүлнұр Тілеубайқызы – мәліметтерді өңдеу, зерттеу, аудару, мәтінді рецензиялау және редакциялау.

References

- Augusto-Landa, J. M., García-Martínez, I., & León, S. P. (2022). Analysis of the Effect of Emotional Intelligence and Coping Strategies on the Anxiety, Stress and Depression Levels of University Students. *Psychological Reports*, 332941221144603. <https://doi.org/10.1177/00332941221144603>
- Butler, R. M., Boden, M. T., Olino, T. M., Morrison, A. S., Goldin, P. R., Gross, J. J., & Heimberg, R. G. (2018). Emotional clarity and attention to emotions in cognitive behavioral group therapy and mindfulness-based stress reduction for social anxiety disorder. *Journal of Anxiety Disorders*, 55, 31–38. <https://doi.org/10.1016/j.janxdis.2018.03.003>
- Extremera, N., & Fernández-Berrocal, P. (2006). Emotional Intelligence as Predictor of Mental, Social, and Physical Health in University Students. *Spanish Journal of Psychology*, 9(1), 45–51. <https://doi.org/10.1017/S1138741600005965>
- Farnia, V., Mousavi, S. A. R., Parsamehr, A., Alikhani, M., Golshani, S., Nooripour, R., & Moradi, M. (2017). The Mediating Role of Emotional Intelligence in Coping Strategies and Test Anxiety in Students of Kermanshah University of Medical Sciences, Kermanshah, Iran in 2013–2014. *Iranian Journal of Psychiatry and Behavioral Sciences*, 11(4). <https://doi.org/10.5812/IJPBS.9254>
- Guil, R., Gómez-Molinero, R., Merchán-Clavellino, A., Gil-Olarte, P., & Zayas, A. (2019). Facing Anxiety, Growing Up. Trait Emotional Intelligence as a Mediator of the Relationship Between Self-Esteem and University Anxiety. *Frontiers in Psychology*, 10, 567. <https://doi.org/10.3389/FPSYG.2019.00567>
- Guil, R., Gómez-Molinero, R., Merchán-Clavellino, A., & Gil-Olarte, P. (2021). Lights and Shadows of Trait Emotional Intelligence: Its Mediating Role in the Relationship Between Negative Affect and State Anxiety in University Students. *Frontiers in Psychology*, 11, 615010. <https://doi.org/10.3389/FPSYG.2020.615010>
- Hall, N. (2007). *Positive Psychology and Emotional Intelligence*. Positive Psychology News Daily, NY (Editor S.M.)
- Jan, S. U., Anwar, M., & Warraich, N. F. (2017). Emotional Intelligence and Academic Anxieties: A Literature Review. *New Review of Academic Librarianship*, 23(1), 6–17. <https://doi.org/10.1080/13614533.2016.1270839>
- Jia, T. (2024). A Study of the Causes and Effects of Anxiety among Students in Higher Education. *Journal of Education, Humanities and Social Sciences*, 45, 111–115. <https://doi.org/10.54097/zza43979>
- Kadyrov, K., Kalankhodzhaeva, K. (2025). Study of the Relationship Between Emotional Intelligence in Students and the Ratio of Two Signal Systems. *The Journal of Psychology and Sociology*, 93(2), 16–25. <https://doi.org/10.26577/JPSS202593202>
- Kahraman, M. O. (2022). Investigating the Relationship Between Emotional Intelligence and Social Anxiety Levels of University Students. *International Journal of Psychology and Educational Studies*, 9(4), 1121–1132. <https://doi.org/10.52380/ijpes.2022.9.4.688>
- Kannan, R. G., Varma, S., & Kumar, L. (2024). Unravelling Anxiety: A Detailed Study of Causes and the Coping Strategies among Young Adults.
- Liu, M., & Ren, S. (2018). Moderating Effect of Emotional Intelligence on the Relationship between Rumination and Anxiety. *Current Psychology*, 37(1), 272–279. <https://doi.org/10.1007/S12144-016-9510-7>
- Mijatović, L., & Strizak, N. (2023). The role of personality traits and emotional intelligence in predicting academic stress among university students. *Zbornik Instituta Za Pedagogiku Istraživanja*, 55(1), 73–92. <https://doi.org/10.2298/zipi2301073m>
- Moeller, R. W., Seehuus, M., Seehuus, M., & Peisch, V. (2020). Emotional Intelligence, Belongingness, and Mental Health in College Students. *Frontiers in Psychology*, 11, 93. <https://doi.org/10.3389/FPSYG.2020.00093>
- Montenegro Ordoñez, J. (2020). La inteligencia emocional y su efecto protector ante la ansiedad, depresión y el estrés académico en estudiantes universitarios. *Tzhoecon*, 12(4), 449–461. <https://doi.org/10.26495/TZH.V12I4.1395>
- Mudi, S. (2024). The Role of Educational Psychology in Addressing Students Anxiety and Stress. *International Journal For Multidisciplinary Research*, 6(3). <https://doi.org/10.36948/ijfmr.2024.v06i03.22332>
- Rodríguez de Ávila, U., Amaya Agudelo, A. M., & Argota Pineda, A. P. (2011). Inteligencia emocional y ansiedad en estudiantes universitarios. *Psicogente*, 14(26), 310–320. <https://dialnet.unirioja.es/servlet/articulo?codigo=6113739>
- Tazhibayev T. B., Kulymbaeva A. K., Uakasova M. B. (2023). Zhogary synyp okushylarynyng koshbashylyk sapataryn kalyptastyryga emotsionaldy intellektining ayeseri [The effect of emotional intelligence on the formation of leadership qualities of high school students]. *The Journal of Psychology and Sociology*, 86(3), 62–72. <https://doi.org/10.26577/JPSS.2023.v86.i3.06>

Thomas, C.L. (2023). Emotional intelligence and anxiety in university students: evidence of a curvilinear relationship. *Journal of Further and Higher Education*, 1–13. <https://doi.org/10.1080/0309877x.2023.2185773>

Wang, C. (2002). The Relationship between Emotional Intelligence and Anxiety, Depression and Mood in a Sample of College Students. *Chinese Journal of Clinical Psychology*, 10(4), 298–299. <https://doi.org/10.3969/j.issn.1005-3611.2002.04.021>

Yazici Çelebi G., Kaya F. (2022). Interpersonal Cognitive Distortions and Anxiety: The Mediating Role of Emotional Intelligence. *International Journal of Psychology and Educational Studies*, 9(3), 741–753. <https://doi.org/10.52380/ijpes.2022.9.3.769>

Авторлар туралы мәлімет:

Бапаева Сая Тлектесқызы (корреспонденттік автор) – PhD, «Психология» жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, Тұран университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz).

Альмуратова Алина Багланқызы – лингвистикалық оқу орталығының сениор-лекторы, Тұран университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: a.almuratova@turan-edu.kz).

Ербосынқызы Динара – PhD, «Психология» жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, Тұран университеті-ні (Алматы, Қазақстан, e-mail: d.yerbosynkyzy-@turan-edu.kz).

Бейсенова Жұпаркүл Жұмабайқызы – психология ғылымдарының кандидаты, Психология кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zhuparkul2270@gmail.com).

Ысқақ Гүлнұр Тілеубайқызы – «Психология» жоғары мектебінің сениор-лекторы, Тұран университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: g.yskak@turan-edu.kz).

Information about the authors:

Bapayeva Saya (corresponding- author) – PhD, Associate Professor, Higher School of Psychology, Turan University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz).

Almuratova Alina – Master of Pedagogy, Senior lecturer at Centre of Linguistic Education, Turan University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.almuratova@turan-edu.kz).

Yerbosynkyzy Dinara – PhD, Associate Professor, Higher School of Psychology, Turan University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: d.yerbosynkyzy-@turan-edu.kz).

Beissenova Zhuparkul – Candidate of Psychological Sciences, Acting Associate Professor, Department of Psychology, Kazakh National Women's Teacher Training (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhuparkul2270@gmail.com).

Yskak Gulnur – Senior Lecturer, Higher School of Psychology, Turan University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: g.yskak@turan-edu.kz).

Сведения об авторах:

Бапаева Сая Тлектесқызы (автор-корреспондент) – PhD, ассоциированный профессор высшей школы психологии, Университет Туран (Алматы, Казахстан, e-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz).

Альмуратова Алина Баглановна – сениор-лектор центра лингвистической подготовки, Университет Туран (Алматы, Казахстан, e-mail: a.almuratova@turan-edu.kz).

Ербосынқызы Динара – PhD, ассоциированный профессор высшей школы психологии, Университет Туран (Алматы, Казахстан, e-mail: d.yerbosynkyzy-@turan-edu.kz).

Бейсенова Жұпаркүл Жұмабаевна – кандидат психологических наук, и. о. ассоциированного профессора кафедры психологии, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан, e-mail: zhuparkul2270@gmail.com).

Ысқақ Гүлнұр Тілеубайқызы – сениор-лектор высшей школы психологии, Университет Туран (Алматы, Казахстан, e-mail: g.yskak@turan-edu.kz).

Келіп түсті: 05 ақпан 2026 жыл
Қабылданды: 27 тамыз 2026 жыл